bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2021

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# Махамбет Өтемісұлы

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 09.12.2021 | https://bilimger.kz/112672/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** Тарихи шындық пен көркемдік шешім<br>**Күні:09.12.2021**<br>**Мектеп:** Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы<br>**Пәні:** Қазақ әдебиеті<br>**Мұғалімнің аты – жөні:** Алдабергенова Анар Жәнібекқызы<br>**Сынып:** 9 ә **Қатысқандар:** **Қатыспағандар:** | | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Махамбет Өтемісұлының «Бағаналы терек» өлеңінің тақырыбы мен идеясы. | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау<br>9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу | |
| **Сабақ мақсаты** | 1. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын айқындау<br>2. Өлеңдегі композициялық амалдарды талдау<br>3. Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу | |
| **Бағалау критерийі** | **Білім алушы:**<br>**—** өлеңнің тақырыбы мен идеясын айқындайды;<br>— мәтіндердегі композициялық амалдарды талдайды;<br>— автор тіліне сүйенеді және шығармашылық жұмыс жазады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:**<br>**—** өлеңнің тақырыбы мен идеясын айқындай алады;<br>— мәтіндердегі композициялық амалдарды талдай біледі;<br>— шығармашылық жұмыс жаза алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>*Терек, хан, халық, теңдік, тұғыр, кек.*<br>**Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер:**<br>Менің ойымша…<br>Салыстыра қарағанда…<br>Өмірмен байланыстыратын болсам…<br>Бұл оймен келісемін /келіспеймін, себебі… | |
| **Құндылықтарға баулу** | Қазақстандық потриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы – шаруалар көтерілісі;<br>География – Еділ және Жайық өзендерінің бойындағы шаруалар көтерілісі. | |
| **Алдыңғы білім** | Махамбет Өтемісұлы жайлы осыған дейін де ақпараттары бар және осы тақырып аясында өз ойларын түйіндеп жеткізе алады | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br>10 минут<br>Білім деңгейі:<br>Білу, түсіну, қолдану</td>
<td>Ұйымдастыру кезеңі<br>— сынып оқушыларымен амандасып, күндеріне сәттілік тілеу<br>—Бір, екі, үш .<br>Сабаққа саламыз күш!<br>— алдыңғы білімге кері байланыс;<br>— ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br><br>«Біз қандаймыз?» шаттық шеңбері.<br>Оқушылар шаттық шеңберге тұрғанда сыныпта баяу әуен ойнап тұрады. «Балалар біз қандаймыз?»-дегенде, шеңбер бойымен оқушылар қандай екенін айтып өтеді. (ұйымшылмыз, мықтымыз, білімдіміз, кішіпейілміз, т.с.с.) бұл әдіс оқушылардың сабақ бойы көңілдері көтеріңкі отыру үшін де қолданылады. Сол айтқандарына жетуге тырысады.<br><br>Топқа бөлу<br>«Белгілі сөз» әдісі арқылы оқушылар «Отан» дегенде көз алдына не елестейтінін түрлі-түсті қағазға жазады. Жазған сөздерін ортаға салады, сосын мағынасы жуық сөздер бойынша топтарға бөлінеді.<br>1-топ: «Ұлт»<br>2-топ: «Рух»<br>3-топ: «Атамекен»<br><br>ТЖ.<br>Тыңдалым алды сұрақтар:<br>Оқушыларға «Сиқырлы сандық» әдісі арқылы сандықша ұсынылады. Сандықшаның ішіндегі сұрақтар жазылған қима қағаздар бойынша оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап алу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.<br>Сұрақтар:<br>1.Махамбет Өтемісұлы кім ? деген сұраққа 3 дерекпен жауап бер.<br>2.Махамбеттің шығармаларының тәрбиелік мәні неде?<br>3.Исатай – Махамбет көтерілісі қай кезде,қай жерде болды?<br>4.Исатай – Махамбет көтерілісінің маңызы қандай?<br>5.Махамбеттің қандай қасиетін ерекше атап айтар едіңдер?<br>6.Махамбеттің хан –сұлтандарға жау болу себебі неде?<br>7.Махамбет поэзиясына өз бағанды бер.<br><br>
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Нақты сұраққа 3 дерекпен жуап береді</td><td>Нақты сұраққа 3 дерекпен жуап бере алады</td></tr>
<tr><td>Махамбеттің шығрмаларының тәрбиелік мәнін анықтайды</td><td>Махамбеттің шығрмаларының тәрбиелік мәнін анықтай алады</td></tr>
<tr><td>Исатай – Махамбет көтерілісі қай кезде,қай жерде болғанын айтады</td><td>Исатай – Махамбет көтерілісі қай кезде,қай жерде болғанын айта алады</td></tr>
<tr><td>Исатай – Махамбет көтерілісінің маңызын талқылайды</td><td>Исатай – Махамбет көтерілісінің маңызын талқылай алады</td></tr>
<tr><td>Махамбеттің ерекше қасиетін айтады</td><td>Махамбеттің ерекше қасиетін айта алады.</td></tr>
<tr><td>Махамбеттің хан –сұлтандарға жау болу себебін зерделейді</td><td>Махамбеттің хан –сұлтандарға жау болу себебін зерделей алады.</td></tr>
<tr><td>Махамбет поэзиясына өзіндік бағасын береді</td><td>Махамбет поэзиясына өзіндік бағасын бере алады.</td></tr>
</table>
<br>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау.<br><br>Сабақтың тақырыбы, мақсаты,бағалау критерийлері таныстырылады.</td>
<td>«Біз қандаймыз?» шаттық шеңбері<br><br>Түрлі-түсті А4<br><br>Тақта,дәптер<br><br>«Бағдаршам» әдісі</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>

**Сабақтың ортасы**<br>**20 минут**<br>түсіну, қолдану, талдау, жинақтау

</td>
<td>

**Тыңдалым тапсырмасы:**<br>**Түсіну**<br>**ТЖ.**<br>**1-тапсырма: «Маған қатты ұнаған өлең жолдары» әдісі** арқылы орындалады.<br>Аудио арқылы оқушылардың түсінгенін басқа атау ұсыну арқылы бүгінгі тақырыптың өзектілігін ашады. Тақырыптың өзектілігін өлеңнен ұнатқан жолың «Маған қатты ұнаған өлең жолдары» деген флипчартқа жазу.

<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Өлеңге басқа атау беру арқылы түсінгенін айқындайды</td><td>Өлеңге басқа атау беру арқылы түсінгенін айқындай алады</td></tr>
<tr><td>Тақырыптың өзектілігін өлеңнің ұнатқан жолы бойынша флипчартқа жазып көрсетеді</td><td>Тақырыптың өзектілігін өлеңнің ұнатқан жолы бойынша флипчартқа жазып көрсете біледі</td></tr>
</table>

**ҚБ: «Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалау.

**Қолдану**<br>**ЖЖ**.<br>**2-тапсырма.**<br>**«А-Я» әдісі** арқылы орындалады.<br>Оқушылар өлеңге қатысты тірек сөздерді төл әліпби ретімен сәйкестікте жазады,олар қанша әріп жаза алса, сонша жазады. Мысалы:<br>А – Асыл сөз<br>Ә – Әсірелеу<br>Б – Бағаналы терек

<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Төл әліпбиді ретімен жазады</td><td>Төл әліпбиді ретімен жаза біледі</td></tr>
<tr><td>Өлеңге қатысты тірек сөздерді сәйкестікте тізбектеп жазады</td><td>Өлеңге қатысты тірек сөздерді сәйкестікте тізбектеп жаза алады</td></tr>
</table>

**ҚБ: «Екі жұлдыз,бір тілек» әдісі арқылы бағалау**

**Талдау**<br>**Ж.**<br>**3-тапсырма.**<br>Өлеңге **«Оқиға тауы» әдісі** арқылы сатылай кешенді талдау жасайды.

<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Өлеңнің авторын айқындайды.</td><td>Өлеңнің авторын айқындай алады.</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы мен идеясын ашады</td><td>Тақырыбы мен идеясын аша біледі</td></tr>
<tr><td>Әдеби көркемдегіш құралдарды табады</td><td>Әдеби көркемдегіш құралдарды таба алады</td></tr>
<tr><td>Өлең құрылысын талдайды</td><td>Өлең құрылысын талдау жасай біледі</td></tr>
<tr><td>Тәрбиелік мәнін түсінеді</td><td>Тәрбиелік мәнін түсіне біледі</td></tr>
</table>

**ҚБ: «Жұлдызды баспалдақ» әдісі** арқылы бағалау.

**Жинақтау**<br>**4- тапсырма.**<br>**«Тұлғаны танып біл» әдісі** арқылы<br>«Егер мен Махамбеттей заңғар тұлға болсам...» тақырыбында 5-6 сөйлеммен ой қорытады.

<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Ақынның кім екендігін айқын көрсетеді</td><td>Ақынның кім екендігін айқын көрсете біледі</td></tr>
<tr><td>Тәрбиелік мәнін айқындайды</td><td>Тәрбиелік мәнін айқындай алады</td></tr>
<tr><td>Көркемдегіш құралдарды пайдаланады</td><td>Көркемдегіш құралдарды пайдалана біледі</td></tr>
</table>

</td>
<td>

Аудио<br>https://vk.com/video-61968936_456239747?t=59s

http://armanpv.kz/?book=163<br>Флипчарт

«Жапондық бағалау» әдісі

Дәптер, А4

«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі

«Жұлдызды баспалдық» әдісі

«Оң қол, сол қол» әдісі

</td>
</tr>
</table>

**ҚБ: «Оң қол, сол қол» әдісі арқылы бағалау.**

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**15 минут**<br>жинақтау, бағалау | **Рефлексия**<br>**«Пазл» әдісі арқылы**<br>3 топтың мүшелері берілген үш түсті пазл бөліктерінен адам моделін құрастырды.Тек жасыл түс көп пайдаланса – «барлығы түсінікті», сары түс – «қиындықтар болды», қызыл түс – «түсінбедім».<br><br>**Кері байланыс**<br>**«Таңдау» әдісі**<br>1. Мен сабақ қызықты/қызықсыз болды деп ойлаймын. Себебі, … .<br>2. Мен сабақта көп нәрені үйрендім / үйренгенім аз болды. Мысалы, … .<br>3. Мен басқаларды мұқият/зейінсіз тыңдадым. Сондықтан … .<br>Бұл карточканы таратып бергенде оқушылар өздерінің Сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады.<br><br>**Үй тапсырмасы**<br>«Махамбет поэзиясындағы асқақ арман менің арманыммен сәйкес пе?» тақырыбында жаһандану моделін құру. | «Пазл» әдісі<br><br><br><br><br><br>«Таңдау» әдісі<br><br><br><br>Күнделік |
| **Саралау** | **Бағалау** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
| Сабақтың оқу мақсаттары жаңартылған білім беру бағдарламасына негізделген. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай білу керектігін көрсетеді. Ықшамсабақ жоспары **SMART** мақсатқа сәйкес және **Блум жүйесін** негізге ала отырып , әдебиеттің 3 дағдысын ескере отырып сыңдарлы оқытуға бағытталып жасалды. Ықшамсабақты саралаудың **12** түрінің **7**саралау түріне негізделіп жасалынды.Жоспарда тақырыпқа сай таңдалған оқу мақсаттарына жетуде таңдап алынған тапсырмалар **спиральді қағидатқа** сүйене отырып таңдалды. Тапсырмалар оқушылардың қажеттіліктеріне байланысты алынды.<br>**Мақсат бойынша саралауда** оқу бағдарламасына негізделіп жасалған ұзақ мерзімді сабақ жоспарынан алынған оқу мақсатынан оқушыларға нақты, қолжетімді Smart мақсат құрылады.**«Сиқырлы сандық» әдісі** арқылы мақсат айқындалады**.**<br>Саралаудың **қарым-қатынас түрі** сабақтың басында ынтымақтастықты қалыптастыру ***«Біз қандаймыз?»*** шаттық шеңбері арқылы жүргізіліп, тапсырма орындау кезінде топтық жұмыста іске асады және оқушыларға қолдау көрсету үшін жүргізіледі.<br>**Оқыту ортасы бойынша саралау** сыныпты **«Белгілі сөз» әдісі** арқылы топқа бөлген кезде барлық оқушылар ыңғайлы және қолайлы топта отырғанымен кейбір оқушының жеке қажеттілігіне сай олардың өз бетінше жұмысын белсендіретін нақты нұсқау арқылы жұмыс өнімді жүргізіледі.<br>**Тапсырма бойынша саралау** түсіну деңгейінде **«Маған қатты ұнаған өлең жолдары» әдісі** арқылы әр оқушының қабілеті бойынша рөлдер мен жауапкершілікті бөлу топтық жұмыс арқылы орындалады.<br>**Оқушының дербестігі мен жауапкершілігі бойынша саралау** жұптық жұмыс кезінде **«А-Я» әдісі** арқылы өзара бағалау мен өзін – өзі бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігі екендігін таныстады.<br>**Мазмұн бойынша саралау** жинақтау деңгейінің тапсырмасы оқушының сапалық мазмұнға көңіл аудара өлеңге **«Оқиға тауы» әдісі** арқылы сатылай кешенді талдау жасау арқылы жүргізіледі.<br>**Нәтиже немесе жауап бойынша саралауда** Блум сатысының қолдану деңгейінде оқушыларға **«Тұлғаны танып біл» әдісі** арқылы жеке жұмыста бірдей тапсырма ұсынылғанымен түрлі деңгейдегі жауап күтіледі.<br>Сабақ бойында орындалған тапсырмалар **спиральді білім беру** қағидаты бойынша **оңайдан күрделіге** өту арқылы жүзеге асады. Блум сатысымен сабақты ұйымдастыру, оңай тапсырмадан күрделіге өту, шеберлік деңгейіне жету, терең ойлау дағдысын қалыптастыру — осының барлығы білімді, жаңа мазмұнды оқудың биігіне жеткен оқушыны қалыптастырады деп күтіледі. | Бағалау- сабақтың маңызды қалыптастырушы бөлімі. Бағалау кезеңі оқушыларды оқу жетістігіне жетуіне және ынталандыруға бағытталғаны жөн. Бағалау критерийі мен дескриптор негізінде оқушылар топтардың жұмысын , бір-бірін, өзін-өзі бағалайды. Оқушыларды материалды игеру деңгейін тексеру мақсатында мына қалыптастырушы бағалау түрлері қолданылады:<br>**«Бағдаршам»** әдісі арқылы бағалауда мұғалім оқушының нені түсінгенін білу үшін қолданылады.<br>**«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалау оқушылардың тапсырма орындауда өзіндік көзқарасын білдіру мақсатында жүргізіледі.<br>**«Екі жұлдыз,бір тілек»** әдісі арқылы бағалау жұптық жұмыс кезінде оқушылардың бірінің жұмысына бірінің ықпалын тигізу үшін пайдаланылады.<br>**«Жұлдызды баспалдақ»** әдісі арқылы бағалау оқушының тапсырманы ұғу деңгейін ажырату үшін жүргізіледі.<br>**«Оң қол, сол қол»** әдісі арқылы бағалау оқушының жұмыстарымен келісу – келіспеуі және түсінгенін жинақтау үшін қолданылады.<br>Рефлексия кезеңінде **«Пазл»** әдісі арқылы пайдалану оқушылардың сабақ бойынша білімдерін бағалауда тиімді болмақ.<br>Кері байланыс **«Таңдау» әдісі арқылы** оқушылар сабақтың жалпы түрде өтілу деңгейі және өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдері арқылы ойын білдіреді<br>Алынған бағалау түрлерінің барлығы оқушыларды оқу жетістігіне жеткізеді деп күтілуде. | Оқу ортасы белгілі стандартқа және оқушы қажеттілігіне сай құрылады. Пәнаралық байланыс орнатуда оқу ортасында барлық мүмкіндіктер қарастырылады. Сыныпта топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізуде АКТ – ны пайдалануда оқушылар қауіпсіздігі сақталады. Сабақтың өн бойындағы әдістер мен тапсырмалар және соларға негізделген ресурстар оқушының денсаулығына кері әсерін тигізбейді деп күтіледі. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.